



# ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## №37 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

2017 жылғы 22 қараша

Алматы қ.

### Дизайны өзгертілген, номиналдық құны 500 (бес жүз) теңгелік банкнотты айналысқа шығару туралы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2017 жылғы 22 қарашадан бастап дизайны өзгертілген, 2017 жылғы үлгідегі номиналдық құны 500 теңгелік банкноттарды айналысқа шығарады.



Банкноттың дизайны айналыстағы «Қазақ Елі» сериясының ақша белгілерімен бірыңғай стильде – бет жағында басым түрде тігінен, ал сырт жағында көлденең бейнелер түрінде орындалған. Басым түсі – көгілдір-көк. Банкноттың өлшемі – 130x67 мм.

Жаңа банкноттардың дизайнын әзірлеу және дайындаудың аса ұзақ процесс екендігін атап өтеміз. Осыған байланысты 2017 жылғы үлгідегі номиналдық құны 500 (бес жүз) теңгелік банкноттардағы мемлекеттік тілдегі жазулар банкноттың дизайнын әзірлеу сәтінде қолданыстағы, кириллицаға негізделген әліпбиге сәйкес орындалған.

Ұлттық валюта – теңге банкноттары мен монеталарындағы жазуларды өзгерту жұмысын Ұлттық Банк «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2017 жылғы 26 қазандағы № 569 Жарлығына сәйкес жүргізетін болады.

### **Банкноттың бет жағы**

Негізгі бейнелер – банкноттың оң жағындағы «Қазақ Елі» монументі және ортасында төменгі бөлікте ұшып бара жатқан көгершіндер.

Жоғары бөлігінде ортасында және сол жағынан Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері: мемлекеттік елтаңба және мемлекеттік ту бейнеленген. Сол жағында төменде және жоғарыда номиналдың цифрлық бейнеленуі, сол жақта ортасында номиналдың мемлекеттік тілдегі әріптік бейнеленуі орналасқан. Жоғары сол жақ бұрышында «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» деген жазба, оның астында қолдан жасағаны үшін жауапкершілік туралы ескертетін «Банкноттарды қолдан жасау заңмен құдаланады» деген мемлекеттік тілдегі жазба орналасқан.

### **Банкноттың сырт жағы**

Негізгі бейнесі – Каспий теңізі, оның артында – Қазақстан картасының бейнесі. Сол жағында төменде және оң жағында жоғарыда банкнот номиналының цифрлық бейнеленуі, ал төменде ортасында – орыс тіліндегі әріптік бейнеленуі орналасқан. «Подделка банкнот преследуется по закону» деген жазба банкноттың сол жақ бұрышында орналасқан.

2006 жылғы үлгідегі және 2017 жылғы үлгідегі номиналы 500 теңгелік банкноттардың қатар қолданылу кезеңі 2017 жылғы 22 қараша – 2020 жылғы 10 маусым болып белгіленді және «2006 жылғы үлгідегі және 2017 жылғы үлгідегі номиналы 500 теңгелік банкноттардың қатар айналыста болу кезеңін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 2 қарашадағы № 207 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

2006 жылғы үлгідегі және 2017 жылғы үлгідегі номиналы 500 теңгелік банкноттар қатар айналыста болу кезеңінде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында заңды төлем құралы болып табылады және төлемдер мен ақша аударымдарының барлық түрлері бойынша қабылдануға міндетті.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі заңды төлем құралы болып табылатын банкноттар мен монеталарды қабылдаудан бас тарту Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Қазақстан Республикасының кодексіне сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық болып табылатынын еске салады.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85; +7 (727) 270 45 69;

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)